

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1788-ХІІ қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 26 мамырдағы N 431. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.02.20. N 110 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. О с ы ғ а н қ о с ы л ғ а н :

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және оларға біржолғы ақшалай өтем жасау тәртібі;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы ақшалай өтем төлеуге жұмсалатын шығындарды қаржыландыру, есепке алу және есеп беру тәртібі туралы нұсқама;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккендердің жеңілдік алу құқығын растайтын куәліктің үлгісі бекітілсін.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі облыс әкімдерінің өтінімдері бойынша куәлік бланкілері жасалуын қамтамасыз етсін.

2. Ж е р г і л і к т і ә к і м д е р :

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіретін арнаулы комиссиялар құрып, оларды қажетті материалдық-техникалық құралдармен және қаржымен қамтамасыз етсін;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1788-ХІІ қаулысына сәйкес өтем жасау және жеңілдіктер беру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайынғы бюджетті қалыптастырғанда "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында көзделген шараларды кезең-кезеңімен қаржыландырып отыру үшін қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының экономика министрлігі облыс әкімдерімен бірлесіп, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.01.13. N 34

қ а у л ы с ы м е н .

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім і ш і н д е :

Иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау жөніндегі ведомствоаралық кеңестер туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын; < * >

иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін, сондай-ақ Ядролық сынақ әсерінен зардап шеккен азаматтарға арналған мемлекеттік ұлттық медициналық регистрді әзірлеп, бекітсін;

Министрліктің орталық аппараты құрылымындағы радиациялық медицина бөлімін құратын болсын. Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының шекті штат саны тиісті еңбекақы қоры бар екі адамға ұлғайтсын.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.13. N 34

қ а у л ы с ы м е н .

7. Ұлттық ядролық орталық, Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма, Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен бірлесе отырып, 1993-1994 жылдардың ішінде:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтың зиянды әсеріне ұшыраған аймақтардағы радиациялық ахуалдың егжей-тегжейлі картасын ж а с а с ы н ;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне енгізу үшін Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтың зиянды әсеріне ұшыраған аймақтардағы халықтың денсаулығының ғылыми негізделген деректері, санитарлық-гигиеналық және радиациялық жағдайы негізінде аумақтардың дәлдей түскен тізбесін әзірлеп, оларды тиісті радиациялық қауіп-қатер аймағына қосу туралы ұсыныстармен бірге Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

8. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан

Республикасының министрліктері мен ведомстволары осы қаулының орындалуы туралы 1994 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баяндайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1996 жылғы 26 мамырдағы
N 431 қаулысымен
бекітілген

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ
салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеудің,
оларға біржолғы ақшалай өтем жасау
ТӘРТІБІ**

1. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу мен есепке алу жұмысын үйлестіру үшін облыс, қала және аудан әкімдерінің жанынан арнаулы комиссиялар құрылады.*

Ескерту: <*> Бұдан былай текст бойынша - арнаулы комиссиялар.

Қажет болған жағдайда халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің келісуі бойынша халық депутаттары селолық, поселкелік және ауылдық Кеңестері жанынан арнаулы комиссиялар құрылуы мүмкін.

2. Арнаулы комиссиялар азаматтарды тіркеудің заңдылығын тексереді, жеңілдіктер мен біржолғы ақшалай өтем жасау үшін тіркелген азаматтардың тізімін бекітеді, бекітілген тізімге сәйкес куәлік жазып береді және тіркелген азаматтардың тізімі аман сақталуын қамтамасыз етеді.

3. 1949 жылғы 1 қаңтардан бастап 1991 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңдегі радиациялық ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе қызмет өткерген (соның ішінде мерзімді) азаматтарды тіркеу меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жүргізіледі.

4. Тіркеу былайша жүргізіледі:

а) жұмыс істейтін азаматтар (зейнеткерлерден басқа) - негізгі жұмыс орнында ;

ә) кәмелетке толмаған балалар (жоғары оқу орындарының студенттерінен, арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларынан басқасы) - анасы өтем жасауды алатын жерде;

б) зейнеткерлер (жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса) - халықты әлеуметтік қорғау органдарында ;

в) Қазақстан Республикасы Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік, Қорғаныс

министрлігі органдарының және басқа әскери құрамалардың зейнеткерлері - зейнетақы тағайындалған жерлерде;

г) жоғары оқу орындарының студенттері, арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары - оқитын жерінде, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер - қызмет істейтін жерінде;

д) қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерде қамқорлыққа алынғандар, психикалық күзеттегіден басқа, толық мемлекет қамтамасыз ететін жетім балалар, арнаулы мектептердің, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері - тиісті мекемелердегі тұрған жерінде;

е) бас бостандығынан айыру органдарында жазасын өтеп жүрген азаматтар - еңбекпен түзеу мекемелерінің әкімшіліктерінде;

ж) бұрын Семей ядролық полигоны аймағында тұрған және Қазақстан Республикасынан тысқары кетіп қалған азаматтар - мемлекетаралық келісімдерге с ә й к е с ;

з) жұмыс істемейтін азаматтар - аудандық, қалалық жұмыспен қамту орталықтарында .

5. Қазақстан Республикасының жеңілдіктер алуға және өтем жасауға құқығы бар азаматтарды тіркеу үшін осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің комиссиясына өтініш беруі қажет. Комиссия құрамына әкімшілік (комиссияның төрағасы), кәсіподақ өкілдері, заңгер (кадр бөлімі инспекторы), бас (аға) бухгалтер және кәсіпорын, ұйым немесе мекеме әкімшілігі мен кәсіподағының қалауы бойынша басқа адамдар енгізіледі. Халықты әлеуметтік қорғау органдарында азаматтарды тіркеу зейнетақы мен жәрдемақы тағайындайтын комиссиялар шешеді.

Өтінішке тиісті радиациялық қауіп-қатер аймақтарда тұрғанын растайтын құжаттардың көшірмесін (паспорттың, туу туралы куәліктің, еңбек кітапшасының, толысу аттестатының, оқу орнын бітіргені туралы дипломның, әскери билетінің, жекебас куәлігінің), халық депутаттары селолық, поселкелік және ауылдық кеңестерінің, ТПБ-тің, үй басқармаларының анықтамасын және басқа құжаттарды тіркеу қажет.

6. Ұсынылатын анықтамалар фирмалық бланкілерге жазылу немесе тіркеу нөмірі мен берілген айы мен күні көрсетілген бұрыштама штампы болуға тиіс. Бұларда анықтама беруге негіз болған құжат, анықтама берген ұйымның мөрімен расталған анықтамаға қол қойған адамның қызметі, фамилиясы, аты-жөні көрсетіледі .

7. Қарулы Күштерде, Ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткерген, Семей ядролық сынақ полигоны аумағында ядролық жарылыс зардаптарын жоюға қатысқан адамдар тиісті анықтаманы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясы Қорғаныс

министрлігінің біріккен архивінен (Подольск қаласы) және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтерінен жергілікті әскери комиссариаттар, жергілікті ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары арқылы алуына болады.

8. Егер тұрғанын растайтын архив және басқа құжаттар сақталмаса, онда азаматтар ядролық сынақтың әсеріне ұшыраған аумақта өзінің тұрғанын заң жүзінде анықтау үшін тұрғылықты жердегі халық сотына өтініш беруге құқылы. Сот шешімі тіркеу үшін негіз болып табылады.

9. Бұл құжаттардың нендей бір радиациялық қауіп-қатер аймағында тұрғанын куәттенуға жататынын және жол беруге болатындығын азаматтарды тіркейтін комиссия анықтайды.

10. Әрбір өтініш табыс етілген барлық құжаттармен бірге бір іске ресімделеді және комиссия оны алғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей қарайды. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және іске тігіледі. Ол тіркеуші органның бухгалтериясында ақшалай құжаттармен бірдей сақталады. Оң шешілген жағдайда азаматтар тиісті журналдарда тіркеліп, онда негізгі алушының фамилиясы, аты мен жөні, балалардың фамилиясы мен аты-жөні, туған жылы мен жері, тиісті аймақтарда тұрған жылдары, табыс етілген құжаттардың тізбесі, олардың нөмірі, айы мен күні, кім бергені, сондай-ақ тағайындалған өтем жасау сомасы көрсетіледі. Журналдағы деректердің негізінде комиссияның төрағасы мен мүшелері растаған тізім (N 1 қосымша) жасалып, арнаулы комиссияларға беріледі. Арнаулы комиссиялар бекітілген тізімдердің бір данасын, сондай-ақ толтырылған куәлік бланкілердің кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің комиссияларына қайтарады.

11. Азаматтарға біржолғы ақшалай өтем жасау алынған куәлік негізінде тіркелген жерде жүзеге асырылып, ол жайында еңбек кінешкесі мен зейнетақы ісінде белгі қойылады.

12. Куәлік жоғалған жағдайда дубликат алу үшін бұл туралы арнаулы комиссияға хабарланады.

13. Тіркеу және біржолғы ақшалай өтем жасау процесінде пайда болатын даулы мәселелер арнаулы комиссияларда немесе тұрғылықты жердегі халық сотында шешіледі.

N 1 Қосымша

Кәсіпорынның, ұйымның және
мекеменің атауы

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер мен біржолғы ақшалай өтем алуға құқығы бар қызметкерлердің ТІЗІМІ

--

N	Алушының және оның отбасы мүшелерінің фамилиясы, аты-жөні	Туыстық қатысы	Туған жері, жылы, айы мен күні	Аймақта тұрған уақыттары	төтенше ең жоғары радиациялық қауіпті
1	2	3	4	5	6

Аймақта тұрған уақыттары жоғары ра.	ең төмен радиациялық қауіпті	жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар	олардың аймақта тұруды растайтын экономикалық мәзмұны, әр құжат мазмұны, әр құжаттың нөмірі, берілген айы мен жылы және кім берген	Табыс етілген құжаттардың тізбесі, нөмірі, жылы	Куәліктің берген
7	8	9	10	11	11

Біржолғы өтемнің біндегі	жасалған сом есе сомасы	Ескерту
1	2	3

М.О. Комиссияның төрағасы (қолы)
 Комиссияның мүшелері (қолдары)
 датасы

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1996 жылғы 26 мамырдағы
№ 431 қаулысымен
бекітілген

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ
салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы ақшалай
өтем жасау үшін жұмсалатын шығындарды қаржыландыру,
есепке алу және есеп беру тәртібі туралы
НҰСҚАМА**

1. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды" әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыруға байланысты шығындардың біржолғы ақшалай өтем жасауға қатысты бөлігі республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады және қатаң түрде мақсатты болып табылады.

2. "Біржолғы ақшалай өтем төлеуге жұмсалатын шығындарды" бюджеттік жіктеудің 1 параграфы, 232 бөлімі бойынша Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға қаржы жұмсау Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және оларға біржолғы ақшалай өтем жасау тәртібіне қатаң түрде сәйкес жүргізілуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы ақшалай өтем төлеуге жұмсалатын шығындарға арнап белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (Қазақстан Республикасының зейнетақы қорының есепшотына), Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне республикалық бюджеттен, басқа әскери құрамаларға бюджеттік жіктеудің 1 параграфы бойынша "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шығындардың" 232 бөлімі бойынша кредит ашады.

4. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аталған өтем жасауды жергілікті жерлерде жүргізу үшін табыс етілген өтінімдерге сәйкес бюджеттік тапсырыспен ашылған кредитті аванс ретінде облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының есепшотына аударады.

5. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар республиканың Зейнетақы қорына жарна төлеуге жататын әлеуметтік сақтандыру қорының есебінен өз азаматтарына қажетті төлемдерді жасап, тоқсандық есептерге 1 параграф бойынша іс жүзіндегі төлемдер туралы мәліметтерді келтіреді, бұл төлемдерді

халықты әлеуметтік қорғау органдары N 4 есеп беру нысаны негізінде сақтық жарналардың есебіне қосады.

6. Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есебіне сәйкес төлемдердің жалпы сомасын халықты әлеуметтік қорғау органдары тоқсан сайын төлемдік тапсырыспен бюджеттік шоттан 829 есепшотқа қайта аударады.

7. Облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары тоқсандық есеппен бірге Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға 1 параграф бойынша іс жүзінде жасалған төлемдер туралы мәлімет табыс етеді.

8. Кредит ашылған министрліктер Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға жасалған өтем төлеу туралы "Мекемелердің шығыс сметасының орындалуы туралы есептің" N 2 нысаны бойынша тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есеп табыс етіп отырады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1996 жылғы 26 мамырдағы
N 431 қаулысымен
бекітілген

ҮЛГІ

**Қазақстан Республикасы Семей ядролық сынақ полигонындағы
ядролық сынақ салдарынан зардап шеккені үшін жеңілдіктер
алу құқығы барын растайтын**

КУӘЛІК

С е р и я N

Фамилиясы _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы _____

19__ жылдан _____ 19__ жылға дейін

радиациялық қауіп-қатер аумағында

19__ жылдан _____ 19__ жылға дейін

радиациялық қауіп-қатер аумағында тұрған

(куәлік берген мекеме)

Берілген күні Мөрдiң орны Қолы

Куәліктің мерзімі жоқ және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына жарамды.

Қысқаша мәліметтер

Ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы (Қазақстан Республикасының "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңынан)

5, 6, 7, 8, 9-баптарда көрсетілген аймақтарда тұрған және тұратын азаматтарға сараланған біржолғы өтем жасауға кепілдік беріледі.

Бұған қоса, осы азаматтардың Заңда белгіленген шекте:

жеңілдік шарттар негізінде зейнетақы;

стажын есептеу жөнінде жеңілдіктер;

ядролық сынақ салдарынан мүгедек болған мүгедектерге арналған жыл сайынғы емдеу жәрдемақысы;

еңбегіне, зейнетақысына, стипендиясына қосымша ақы мен жәрдемақы;

жыл сайын ақылы қосымша демалыс алуға құқығы бар.

ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен аумақтарға тұратын балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің санаторий-сауықтыру мекемелерінде (медициналық анықтамалар бойынша) тегін сауықтыруға құқығы бар.

Біржолғы ақшалай өтем жасау _____

----- мөлшерінде төленді.

(ұйым атауы, өтем жасауды берген адамның қолы,
айы мен күні, мөрі)

Алушының тікелей өзінің қолы _____

----- мөлшерінде төленді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1996 жылғы 26 мамырдағы

№ 431 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
жанындағы Радиация әсерінен зардап шеккен адамдардың
ауруға шалдығу себептері осыған байланысты екенін**

**анықтау жөнідегі орталық ведомствоаралық сарапшылар
К е ң е с і н і ң**

ҚҰРАМЫ

Айдарханов	- Қазақстан Республикасының
Арман Тергеуұлы	Денсаулық сақтау вице-министрі,
төраға	
Сағын Халел	- Қазақстан Республикасының
Әлжанұлы	Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-
	профилактикалық жұмыс
	департаментінің директоры,
төрағаның орынбасары	
Сұлтанов	- Қазақстан Республикасының
Серік Егелұлы	Денсаулық сақтау министрлігі
	Фармация, фармацевтика және
	медициналық өнеркәсіп комитетінің
төрағасы	
Байсеркин	- Қазақстан Республикасының
Бауыржан Сәтжанұлы	Денсаулық сақтау министрлігі
	Мемлекеттік санитарлық-эпидемио-
	логиялық қадағалау комитеті
төрағасының орынбасары	
Сексенбаев	- Қазақстан Республикасының
Бақытжан	Денсаулық сақтау министрлігі
Дербісәліұлы	хирургиялық бөлімінің бастығы
Әбсалықов	- "Радиациялық медицина және
Қазбек Нығметұлы	экология ғылыми-зерттеу институты"
	республикалық мемлекеттік қазыналық
	кәсіпорнының директоры
(келісім бойынша)	
Көшенов	- Қазақстан Республикасының Еңбек
Мейірхан Ахметұлы	және халықты әлеуметтік қорғау
	министрлігі медициналық-әлеуметтік
сараптау бөлімінің бастығы	
Хайруллин	- Қазақстан Республикасының
Бекбай Есләмұлы	Денсаулық сақтау министрлігі ана
	мен баланың денсаулығын қорғау
	бөлімінің бастығы, Қазақстан
Республикасының бас педиатры	

- Қабыкенова Раушан Қасымқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі терапиялық қызметті ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, Қазақстан Республикасының бас терапевті
- Разумова Рәмзия Рүстемқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ана мен баланың денсаулығын қорғау бөлімінің бас маманы, Қазақстан Республикасының бас акушер-гинекологы
- Тастанова Айгүл Қапанқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі терапиялық қызметті ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, Қазақстан Республикасының бас психиатры
- Қанапиянов Ғазиз Серғазыұлы - Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институты директорының орынбасары, Қазақстан Республикасының штаттан тыс бас радиологы (келісім бойынша)
- Хамзабаев Жанғали Хамзабайұлы - Ақмола мемлекеттік медицина академиясы сәулелік диагностика және сәуле терапиясы кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасының штаттан тыс бас рентгенологы (келісім бойынша)
- Сейсембеков Тельман Зейноллаұлы - Ақмола мемлекеттік медицина академиясы ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі (келісім бойынша)
- Слесарев Владимир Гиоргиевич - Республикалық Ұлы Отан соғысы ардагерлері госпиталінің бастығы (келісім бойынша)

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен .